


Ш.К. Шынгысбаева*,  А.А. Саипов 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail:Shyngysbaeva75@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар кезеңіндегі Шығыс Қазақстан облысындағы көші-қон үрдістерінің бағыттары мен өзгерістері көрсетілген бұл мақалада статистикалық көрсеткіштерді пайдаланумен бірге көші-қон ағындарының қарқындылығы, көлемі, географиясы қарастырылған. Өңір халқының көші-қон ағынының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары, олардың халықтың құрамының көлеміне, еңбек ресурстарының сапасына және көші-қон саласындағы қазіргі жағдайларға әсері және өңірдегі демографиялық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған көші-қон саясаты саласындағы мәселелер көрсетіледі.

Шығыс Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерінің заманауи географиясын талдау Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылында болған тарихи шындыққа сәйкестігін көрсетеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының тарихы үшін осы уақыт ішінде оның аумағынан тыс жерлерге халықтың кетуі демографиялық жағдайға кері әсерін тигізді. Көші-қон теңгерімінің өзгеру динамикасы бойынша 1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жағымсыз көрсеткіштермен сипатталады. 2016 жылдан бастап теріс сальдо қайтадан өскені байқалады. Бұл 2015 жылғы тиісті көрсеткіштен 4,3 есе көп. Мақалада көші-қон ағындарының (олардың ауқымы, қарқындылығы, бағыттары және т.б.), мигранттардың жынысы мен жасы, әлеуметтік және ұлттық құрамы және өңір бойынша халықтың қоныс аударуының әлеуметтік-экономикалық салдары ғылыми түрде талданды. Зерттеу нәтижесінде оралмандардың көші-қон қозғалыстарын көрсететін 1999–2019 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан облысының этникалық қоныс аудару картасы жасалынды. Демографиялық жағдайға әсер еткен саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлар талданды.

Түйін сөздер: көші-қон ағындары, Шығыс Қазақстан, көші-қон айналымы, қандас, көші-қон теңгерімі, еңбек ресурстары.

S.K. Shyngysbaeva *, A.A. Saipov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

*e-mail:Shyngysbaeva75@mail.ru

Geographic directions of migration processes influencing the formation of the demographic situation in East Kazakhstan during the years of independence

This article shows the trends and changes in migration processes in the East Kazakhstan region over the years of independence of Kazakhstan, the intensity, volume and geography of migration flows, and also uses statistical data. The socio-economic prerequisites for the migration flows of the population of the region, their impact on the population, the quality of labor resources and the current conditions in the field of migration, as well as issues in the field of migration policy aimed at stabilizing the demographic situation in the region are presented.

Analysis of the modern geography of migration processes in the East Kazakhstan region shows that it corresponds to the historical reality of the 30th anniversary of the independence of the Republic of Kazakhstan, therefore, for the history of the Republic of Kazakhstan at that time, emigration had a negative character. impact on the demographic situation. It is characterized by negative indicators of the dynamics of changes in the balance of migration from 1992 to the present. Since 2016, the negative balance has grown again. This is 4.3 times more than in 2015. The article provides a scientific analysis of migration flows (their scale, intensity, direction, etc.), gender and age of migrants, social and ethnic composition and socio-economic consequences of migration in the region. As a result of the study, a map of ethnic migration of the East Kazakhstan region for 1999–2019 was compiled, reflecting the migration movements of repatriates. Analyzed the political, economic and social factors affecting the demographic situation.

Key words: migration flows, East Kazakhstan, migration, blood, migration balance, labor resources.

Ш.К. Шынгысбаева*, А.А. Саипов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан,

*e-mail: Shyngysbaeva75@mail.ru

Географические направления миграционных процессов, влияющих на формирование демографической ситуации в Восточном Казахстане за годы независимости

В данной статье показаны тенденции и изменения миграционных процессов в Восточно-Казахстанской области за годы независимости Казахстана, интенсивность, объем и география миграционных потоков, а также использованы статистические данные. Представлены социально-экономические предпосылки миграционных потоков населения региона, их влияние на численность населения, качество трудовых ресурсов и текущие условия в сфере миграции, а также вопросы в области миграционной политики, направленной на стабилизацию демографической ситуации в регионе.

Анализ современной географии миграционных процессов в Восточно-Казахстанской области показывает, что она соответствует исторической реальности 30-летия независимости Республики Казахстан, поэтому для истории Республики Казахстан в это время эмиграция имела отрицательный характер влияния на демографическую ситуацию. Для него характерны отрицательные показатели динамики изменения сальдо миграции с 1992 г. по настоящее время. С 2016 года отрицательное сальдо снова выросло. Это в 4,3 раза больше, чем в 2015 году. В статье проводится научный анализ миграционных потоков (их масштаб, интенсивность, направление и др.), пола и возраста мигрантов, социального и этнического состава и социально-экономических последствий миграции в регионе. В результате исследования была составлена карта этнической миграции Восточно-Казахстанской области на 1999-2019 годы, отражающая миграционные перемещения репатриантов. Проанализированы политические, экономические и социальные факторы, влияющие на демографическую ситуацию.

Ключевые слова: миграционные потоки, Восточный Казахстан, миграция, кровь, миграционный баланс, трудовые ресурсы.

Кіріспе

Халықтың көші-қон мәселелері демографиялық процестердің ішінде ерекше орында. Көші-қон – өндірістік құрылымның өзгеруі мен өндірістік күштердің аумақтық бөлінуі барысындағы халықтың әлеуметтік және еңбек белсенділігінің өсуімен тығыз байланысты күрделі әлеуметтік үрдіс. Ол халықтың әлеуметтік жағдайын сипаттайтын қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа өзгерістерге әсер етеді. Басқаша айтқанда, көші-қон процестері – бұл жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде болатын әртүрлі өзгерістер көрінісі. Көші-қон – нарық субъектілерінің экономикалық белсенділігінің өсуіне және әлемдік шаруашылықпен үйлесімді кіріктірілген біртұтас ішкі экономикалық кеңістіктің қалыптасуына жағдай жасайтын қуатты құрал (Жақсыбаева 2016:101).

Жаһандану процестерінің бөлігі ретінде көші-қонды зерттейтін теориялар, Стивен Кастлз және Марк Дж.Миллер (Castles, Miller, 1993) дамыған және дамушы елдер арасындағы көші-қон ағындарының ұлттық құрамын, еңбек көші-қоны және елдердің көші-қон саясаты мәселелері тұрғысынан сипаттайды.

Көші-қонның экономикалық факторын зерттейтін теориялар Дж. Харрис пен М. Тодаро

(Харрис, Тодаро 1970:126) еңбектерінде көрініс табады. Авторлар жұмысқа орналасу мүмкіндігі негізінде қала мен ауылдағы күтілетін жалақының ауыл мен қаланың көші-қонына әсеріне байланысты зерттеу жүргізген.

Табиғи ортаға байланысты, аймақтық экономиканың, әлеуметтік саланың, Шығыс Қазақстан халқының ұлттық құрамының даму деңгейі көші-қон ағындарының қарқындылығы, көлемі, географиясы бойынша үлкен алуантүрлілікті көрсетеді. Бұл өңір экономикасының әртүрлі салаларының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты халықтың көші-қон географиясын бүкіл республиканың да, оның жекелеген аймақтарының да әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан қарастырамыз. Әлемдік экономикалық жүйелердің жаһандануы жағдайындағы басым демографиялық тенденцияларды зерттеп, талдаған жөн. Шығыс Қазақстан облысындағы көші-қон үрдістерінің заманауи географиясын талдау еліміздің тәуелсіздік алған жылдары көлемінде қарастырылады, оның Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылында болған тарихи шындыққа сәйкестігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық даму тарихында осы уақыт ішінде оның аумағынан тыс жерлерге

халықтың кетуі байқалады. Өңір негізінен өзінің жоғары білікті еңбек ресурстарын елдің басқа аймақтарына және одан тыс жерлерге жіберетін донорлық сипатта болды. Бұл көші-қон үрдісі халықтың демографиялық құрылымына кері әсерін тигізетіні анық. Шығыс Қазақстан облысында халық саны 1771,3 адам болса, 01.07.2020 жылы 1369,2 адамға азайған. Халықтың әртүрлі топтарының ауқымды көші-қон ағынымен байланысты 90-шы жылдары шетке кетулері байқалады. Бұл процесс тек 2000 жылдары біраз тұрақталды, ал 2016 жылдан бастап халық саны біртіндеп артуда.

Зерттеу материалдары мен әдістері


Зерттеу нысаны – Шығыс Қазақстан халқының көші-қон географиясы мен әсер ететін географиялық факторларын зерттеу. Көші-қон ағындарының (олардың ауқымы, қарқындылығы, бағыттары және т.б.), мигранттардың жынысы мен жасы, әлеуметтік және ұлттық құрылымы және аумақ бойынша халықтың қоныс аударуының әлеуметтік-экономикалық салдарына ғылыми талдау жасалынды.

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, 1999, 2009 жылдардағы халық санағының мәліметтері негізінде авторлар 1991-2020 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысының көші-қон қозғалысының

географиясының негізгі түрлерін, масштабтарын, өзгеру динамикасын, сипаттамаларын анықтауды мақсат еткен.

Зерттеу нәтижелері және талқылаулар

Еліміздің әртүрлі аймақтарындағы көші-қон үрдістерінің географиясы экономикалық-географиялық орналасуына, қоныстану тарихына, аумақтық шоғырлануы мен өндірістің мамандануына, маңыздылығы бойынша көші-қон процестеріне әсер ететін географиялық факторлар жүйесінің құрамдас бөліктері болады. 1-суретте Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының көші-қон балансының динамикасы көрсетілген, ол 1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жағымсыз көрсеткіштермен сипатталады. Жалпы алғанда көші-қон қозғалысының үрдістері көтерілу мен құлдырау кезеңдерінен тұратын толқын тәрізді көші-қонмен сипатталады. Көші-қондағы ең үлкен өзгерістер 1994 жылы (-55,8 адам), 1997-1998, (-23,4; -18,5 адам) болды. Оның үстіне 1992-1999 жылдары облыстан 204,8 адам көшіп кетті. 2000 жылдардың аяғында көші-қон теңгерімін 2,4 адамға дейін төмендету тенденциясы пайда болды. Осылайша, көші-қон балансы 2003 жылы 1994 жылғы «шыңмен» салыстырғанда 6,4 есеге азайған. 2016 жылдан бастап теріс сальдо қайтадан өскені байқалады, бұл 2015 жылғы тиісті көрсеткіштен 5,5 есе көп (Шығыс Қазақстан облысы статистика департаменті 2019).



1-сурет – Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының көші-қон балансының динамикасы (1991-2019 жылдар) (Авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)

Осылайша, 1990 жылдардың басынан бастап Шығыс Қазақстан облысында, жалпы республикадағы сияқты көші-қон үрдістері күшейе түсті. Оның күшеюіне, біріншіден, әлеуметтік-экономикалық факторлар ықпал етті. Экономикалық дағдарыс салдарынан жұмыс орындарының азаюы нәтижесінде әдеттегі өмір сапасының төмендеуі, өзінің және балаларының өмір сүруінің бұлыңғыр болашағы пайда болды. Екіншіден, белгілі бір ұлт өкілдерінің тарихи Отанына оралу мүмкіндіктері артты. Үшіншіден, Ресей Федерациясының Алтай өлкесі мен Алтай Республикасының шекаралық транзиттік позициясы халықтың аймақтан кетуіне және мятниктік миграция өсуіне ықпал ететіні сөзсіз екендігін көрсетті.

1997-1998 жылдары Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтары халықтың жоғары эмиграциялық ағынының ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауымен және мал мен егіс алқаптарының айтарлықтай қысқаруымен бай-

ланысты болды. 1990 жылдардың соңына дейін аймақ тұрғындарының жоғары көші-қондық төмендеуі байқалады, ал 2000 жылдардың басы аймақтың экономикасы мен әлеуметтік саласындағы оң өзгерістермен ерекшеленеді.

Сыртқы және ішкі мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және демографиялық саясат өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің тұрақты дамуына, өңірдің шикізаты мен тауар экспорты әлеуетінің және халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне ықпал етуде. Ол аймақтан кетіп жатқан мигранттар санының азаюына, халықтың көші-қонының теріс сальдосының төмендеуіне әсер еткен маңызды факторға айналды. (Гали, 2009:– 187).

Қабылданған көші-қон процестері мемлекеттік реттеу саласындағы негізгі құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының тұжырымдамасы, 2001-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының салалық бағдарламасы болды.

1-кесте – Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының көші-қон динамикасы (авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)

Жылдар	Келді		Кетті		Көші-қон өсімі (төмендеуі)		Көші-қон айналымы	
	халық мың. адам	1000 адамға	халық мың. адам	1000 адамға	халық мың. адам	1000 адамға	халық мың. адам.	1000 адамға
1997	30520	19,93	60440	39,47	-29920	-1954	90960	59,4
2000	25460	18,17	55320	39,49	-29860	-2132	80780	57,66
2003	28460	19,41	38200	26,05	-9740	-6,64	66660	45,46
2006	24420	17,06	29320	20,48	-4900	-3,42	53740	37,54
2009	25500	18,25	30800	22,04	-5300	-3,79	56300	40,29
2012	20721	14,85	34840	24,97	-14119	-10,12	55561	39,82
2015	43420	31,11	39710	28,45	3710	2,66	83130	59,56
2018	52100	37,65	55420	40,05	-3320	-2,4	107520	77,7
2019	58961	42,8	75504	55,2	-16543	-12,4	134465	98,0
2020	50570	37,0	72305	52,5	-21735	-15,5	122875	89,5

1-кестедегі есептеулердің нәтижелерін талдай отырып, біз Шығыс Қазақстан облысына адамдардың көшіп келу қарқындылығының коэффициенті 1997-2000 жылдары өте төмен екендігін көреміз, жылдар бойынша болмашы ауытқулармен 2 еседен астам өскен. Қарастырылып отырған кезеңде кету қарқындылығының деңгейі жалпы төмендеу тенденциясымен сипатталады, бірақ 2015 жылдан бастап бұл көрсеткіш қайтадан жоғарылаған.

2015 жылы халықтың көші-қонының төмендеуі 1997 жылғы сәйкес мәннен 23 есе және 2019 жылы 5,2 есе аз. Көші-қон айналымы 2000 жылдардың аяғында көрсеткіштері біртіндеп төмендей отырып, соңғы жылдары белсенділікке ие болды, тіпті 1997 жылдың көрсеткішінен сәл асып түсті. Қалалық және ауылдық елді мекендер үшін адамдардың көшіп келу және кету қарқындылығының коэффициенттері әртүрлі, оны 2-кестедегі мәліметтерден көруге болады.

2-кесте – Шығыс Қазақстан облысының қалалық және ауылдық елді мекендеріндегі көші-қон қарқындылығының коэффициенттері (авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)

Жылдар	1000 тұрғынға шаққанда					
	Қалалық жерлерде			Ауылдық жерлерде		
	Кеткендер саны	Келгендер саны	Көші-қон өсімі (төмендеуі)	Кеткендер саны	Келгендер саны	Көші-қон өсімі (төмендеуі)
1999	54,2	18,5	-35,7	43,3	12,8	-30,5
2000	43,5	29,2	-14,3	35,2	12,5	-22,7
2003	40,2	45,2	5,0	49,0	20,4	-28,6
2006	35,4	44,0	8,5	53,9	25,2	-28,7
2009	26,8	28,4	1,6	36,0	22,7	-13,3
2012	30,2	37,2	7	34,9	27,6	-7,3
2015	36,5	46,9	10,4	52,8	36,3	-16,5
2018	50,0	53,2	3,2	63,8	53,5	-10,3
2019	29,9	23,5	-6,4	27,9	19,3	-8,6
2020	27,4	24,3	-3,1	25,4	18,1	-7,3

Жалпы қарастырылып отырған кезеңдегі қала тұрғындарының кету коэффициенті ауыл тұрғындарына қарағанда төмен, ал ауыл тұрғындарының келу деңгейі қала тұрғындарына қарағанда жоғары. Демек, Шығыс Қазақстан облысының халқы қалалардағы көші-қон өсуімен және ауылдық жерлерден үнемі көшуімен сипатталады. Ауыл тұрғындарының қалаларға жаппай қоныс аударуы жұмыссыздықтың көбеюімен және әлеуметтік-экономикалық өмір сүру

жағдайларының нашарлауымен тікелей байланысты.

Соның салдарынан 2012 жылы 50-ден астам ауылдық елді мекен таратылды.

Көші-қон бағыттарында басқа да көріністер байқалады. Сыртқы және аймақаралық көші-қон ағындарының барлық кетулер мен келулердің жиынтығындағы үлесін есептеу нәтижесінде 3-кестеде көрсетілген төмендегі мәліметтер алынды.

3-кесте – Шығыс Қазақстан облысының жекелеген ағындарының үлесі (%) (авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)

Жылдар	Сыртқы көші-қондағы кету ағындары		Аймақаралық көші-қонның кету ағыны	Сыртқы көші-қондағы келу ағындары		Аймақаралық көші-қонның келу ағыны
	ТМД елдері	Әлемнің басқа елдері		ТМД елдері	Әлемнің басқа елдері	
1999	54,2	19,0	25,2	58,8	2,6	37,5
2000	35,9	17,4	32,5	51,3	3,8	44,9
2003	37,3	32,1	30,2	58,0	1,6	40,4
2006	36,2	5,8	58,4	53,4	2,0	44,6
2009	33,4	2,0	63,4	28,5	1,1	70,4
2012	38,1	1,6	62,5	34,8	0,7	64,5
2015	36,0	3,9	59,1	13,1	2,5	76,4
2018	38,5	3,5	58,5	13,3	1,7	96,0
2019	37,3	32,1	35,2	52,4	3,0	45,5
2020	33,4	1,6	31,8	57,3	1,5	43,2

Кестеден аймақтағы көші-қон үлесі зерттелетін аймақтағы кету және келу ағындарындағы үлестің 64,6% және 86,4% максималды көрсеткіштерімен өсудің жалпы тенденциясымен сипатталатындығын көруге бола-


ды. ТМД-дан басқа шетелдерге кету ағыны 2000 жылдардың басында 28,1% -ке жетіп, кейін 1,6% -ке дейін күрт төмендейді. 80% -дан астам алыс шетелге кеткен эмигранттардың саны бойынша басымдық Германияның үлесінде. 20 ғасырдың

30-40 жылдары КСРО-ның еуропалық бөлігіндегі неміс халқы Қазақстан аумақтарынан жаппай мәжбүрлі түрде қоныс аударуға ұшырады. 1941 жылдың қыркүйек-қазан айларында ғана Шығыс Қазақстан облысына 45 мыңға жуық неміс жер аударылған (Асылбеков 2007:144). Бұл аймақта 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері бойынша 110 мыңнан астам неміс болған, бұл – жалпы халықтың 9%-ы, 30 жылдан кейін олардың саны 3 есеге азайды (Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы, 2020).

Талдау кезеңінде ТМД елдеріне кету ағынының үлесі әрқашан маңызды болды. Негізгі қабылдаушы ел – Ресей Федерациясы, бұл Шығыс Қазақстан облысы халқының демографиялық құрылымындағы славян ұлттық компонентінің жоғары пайызымен түсіндіріледі. Қарама-қарсы бағытта соңғы жылдары 1999 жылмен салыстырғанда ағын 4 есеге азайды.

Шығыс Қазақстан облысында эмиграция жағдайы эмиграцияға жедел ұмтылу түрінде де, кешіктірілген көші-қон түрінде де сақталады. Ата-аналар орта мектепті бітіргеннен кейін балаларын білім алуға көбінесе Ресейдің шекаралас университеттеріне жібереді, кейін олар оқыған елінде болашақта отбасын құрып, біржола сол елде қалып қалады. Жыл сайын Шығыс Қазақстан облысындағы мектеп бітірушілердің төрттен бір бөлігі елден тыс жерлерде білім алуға талпы-

ныс жасап, елден тыс жерлердегі білім беру оқу орындарына түседі (Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ресми интернет ресурсы, 2020. resurs.kz/catalog/akimvkgov 2020). Бұл уақытша көші-қон түрі уақыт өте келе тұрақты сипатқа ие болуда. «Шетелде тұратын отандастарды және олардың отбасы мүшелерін Ресей Федерациясына ерікті түрде қоныстандыруға жәрдемдесу» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Ресейге эмиграцияға айтарлықтай әсер етті. Бағдарламаның мәні – еңбекке қабілетті отандастарды және перспективалы жастарды бірінші кезектегі елді мекендерде тұрақты тұруға тарту (Официальный интернет-ресурс Государственная программа переселения соотечественников в Россию 2020). Нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысынан 2018 жылғы ресми статистикаға сәйкес еңбекке жарамды жастағы 4002 адам (74%), еңбекке қабілетіден жас 1316 адам (24%) және 219 (4%) еңбекке жарамды жастан асқан адам ТМД елдеріне кетті. Еңбекке қабілетті жастағы адамдардың жаппай кетуі еңбек нарығына, оның құрылымына және жұмыс күшінің сапалық құрамына әсер ететіні сөзсіз. Шығыс Қазақстан облысынан «милы кадрлардың тоқтамауы» бәсеңдемейді. Шынығында да, негізінен білікті кадрлар шетелге кетеді. Мәселен, 2018 жылы облыстан 15 жастан асқан 4,6 мың адам кетті, оның 1,8 мыңы немесе 38,2% -ы жоғары білімді, ал 1,5 мыңы немесе 33% -ы орта кәсіптік білімі бар.



2-сурет – 2020 жылға мамандықтар бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы эмигранттардың үлесі (%) (авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)


2020 жылы Шығыс Қазақстан облысынан кеткен білікті кадрлардың 30% -ы техникалық мамандықтардың өкілдері еді (2-сурет). Олардың Ресейге қоныс аударуы, негізінен ол жақта кадрлар жетіспеуінен. Эмиграция нәтижесінде аймақ өнеркәсіптік кадрлар тапшылығын сезінуде. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан Республикасынан кеткен түлектердің 16% -ның экономикалық білімі бар, 11% -ы педагогикалық, ал 5% -дың әрқайсының медициналық және заңгерлік білімі бар жас маман. (Шығыс Қазақстан облысы статистика департаментінің ресми интернет ресурсы, 2020).

Халықтың көші-қон ағындарының себебі мен жағдайын ашатын ұсынылған статисти-

калық деректерді талдау негізінде, аймақтық мемлекеттік органдар мүмкін болатын әлеуметтік-экономикалық салдарға назар аударуы керек, ол көпқырлы және алуан түрлі болуы мүмкін.

Халықтың басқа аймақтарға көшуінің салдарынан өңірдегі халықтың туу коэффициентінің азаюынан табиғи өсімнің төмендеуі байқалды. Еңбек миграциясы салдарынан халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің азаюы жастық және жыныстық құрамының өзгеруі мен халықтың қартаюуына әкеліп соқты.


Көші-қон үрдістерінің нәтижесінде халықтың азаюы білім беру және кәсіптік біліктілік деңгейлерін төмендетіп, экономикалық белсенді халықтың санын азайтады.



3-сурет – Оралмандардың кеткен елдері (адам) Шығыс Қазақстан облысы (1991-2020 жылдар)
(Авторлар дереккөзден есептеп құрастырған)

Еуропалық халықтың қоныс аударуының орнын толтыру үшін Қазақстан этникалық қазақтарды репатриациялауға бағытталған саясат жүргізуде. Репатриация – Н. Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиясында жариялаған мемлекеттік көші-қон саясатының басым бағыттарының бірі. Қоныс аудару 1990 жылдары қабылданған «Иммиграция туралы» және «Халықтың көші-қоны туралы» заңдар негізінде жүзеге асырылды, осыған сәйкес қандастардың тарихи отанына оралуына қолайлы жағдайлар жасалды (Қалыш, 2015: 364).

1991 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге қандастарды аймаққа қоныстандыру бағдарламасын іске асыру барысында 7 537 отбасы немесе 53 828 қандастар келді, бұл облыс тұрғындарының 3,9 % құрайды. Оның 97% -ы ТМД-дан тыс елдерден келді: Қытайдан келген қандастардың едәуір бөлігі (5107 отбасы), Монғолия (3127 отбасы), Пәкістан (13 отбасы), Ауғанстан (12 отбасы) (3-сурет). ТМД елдерінен Өзбекстан (85 отбасы), Ресей (22 отбасы), Тәжікстан (6 отбасы), Қырғызстан (7 отбасы) 3%-ды құрайды.



4-сурет – Шығыс Қазақстан облысының этникалық қоныс аудару картасы (1999-2019 жылдар)

2019 жылы Шығыс Қазақстан облысына республиканың басқа аймақтарынан 58961 адам көшіп келді. Ол қоныс аударушылардың жалпы санының 22,3%-ы. Қазақстанның басқа аймақтарынан келушілер саны бойынша – Семей – 13054 адам (22%), Өскемен қаласы – 15269 (26%), Аягөз ауданы – 3322 (5.6%), Үржар ауданы – 3562 (6%), Зайсан ауданы – 1974 (3.3%), Жарма ауданы – 1874 (3.1%), Тарбағатай ауданы – 2506 (4,2%), Көкпекті ауданы – 1440 (3,3%), Глубокый ауданы – 2682 (3,1%), Алтай ауданы – 1802 (2,6%), Риддер қаласы – 1428 (2,5%), Курчатов қаласы – 520 (2,2%), Ұлан ауданы – 2144 (2,2%), Күршім ауданы – 1309 (2.2) %, Бородулиха ауданы – 1508 (2.6%), Шемонаиха ауданы – 1810 (3%), Бесқарағай ауданы – 968 (1,6%), Катонқарағай ауданы – 1043 (1,8%), Абай ауданы – 746 адам (1,3%) (Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы).

Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы).

Зерттеліп отырған кезеңдегі оралмандардың көші-қон қозғалыстарының жалпы тенденцияларында көтеріңкі және құлдырау кезеңдерімен толқын тәрізді көші-қон бар, бұл сөзсіз Қазақстан Республикасында да, кеткен елдерде де әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлармен байланысты. Репатриация процесі нәтижесінде облыста байқалған көші-қонның төмендеуі айтарлықтай, сонымен қатар тұрақты тұрғындарды иммигранттармен ауыстыру қосымша экономикалық және әлеуметтік қиындықтар тудырады.

Болашақта күтілетін экономикалық өсу қарқынының аясында шығыс аймағында эмиграцияның жалғасуы жұмыс күші ұсынысының теңгерімсіздігіне және жұмыс күшіне сұраныстың артуына әкелуі мүмкін. Жұмыс күші жетіспейтін

аймақтардағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың арасындағы теңгерімсіздік проблемасын жою қажет. Халықтың өнімді жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында ел Үкіметі нәтижелі еңбекпен қамтуды және жалпы кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасын жасады.

Еліміздің оңтүстік аймақтарынан келген жастарды оқыту және жұмыспен қамту мақсатында құрылған «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі уақытта өз жұмысын толықтай атқарып жатыр. ШҚМТУ «Серпін – 2050» бағдарламасына тіркелген студенттерді жұмыспен қамту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. «БИПЭК АВТО» ЖШС, «ҮМЗ» АҚ, «Казцинк» ЖШС-ден тақырыптық күндер өтті. Жоспарлау және қызметтік өсу апталығы, бос жұмыс орындары мен мамандардың жәрменкесі ұйымдастырылуда. ШҚМТУ-да Сәтбаев тау-кен байыту кәсіпорнымен және облыс әкімдерімен кездесулер өткізілуде. «Серпін – 2050» бағдарламасын іске асыру тиімді болу үшін жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстың білім басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы, кәсіпкерлер палатасы өкілдерін тарта отырып жедел штаб құрылды. (Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ресми интернет-ресурсы, 2020).

Қорытынды

Әлеуметтік-экономикалық факторлармен шартталған Шығыс Қазақстан облысынан ұзақмерзімді эмиграция процесі «адами капиталды» жоғалтуға әкелуде. Аумақ тұрғындарын «ұстап тұру» өңірдің көші-қон саясатының бірінші кезектегі міндеті екенін атап өткен жөн. 90-шы жылдардың басынан бастап аймақтың демографиялық дамуында Шығыс Қазақстанға тән емес жаңа тенденциялар байқалады: аймақ тұрғындарының абсолютті санының азаюы, ауыл тұрғындарының өсу қарқынының артуы, этникалық құрамға әсер еткен көші-қон белсенділігінің артуы. Славян және басқа халықтардың қоныс аударуы нәтижесінде қазақ халқының үлесі өсті. Көрсетілген кезеңде еңбекке қабілетті халықтың үлесі азайды және 1995 жылға қарай 932,3 мың адамды құрады. Төмендеу 47 мың адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары арасында – 36,7 мың адам. Бұл еңбек нарығын дамытуды, жаңа жұмыс орындарын құруды және қолданыстағы жұмыс орындарының сақталуын, еңбек нарығы мен тұрғын үй нарығының пропорционалды дамуын, тұрғын үйдің болуын, экономиканың жеке секторын дамытуды және халықтың өмір сүру деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуді талап етеді. Экономикалық белсенді халықты оңтүстік аймақтардан шығысқа қоныстандыруды ынталандыру бойынша қабылданған шаралар әлі де қажетті әлеуметтік-экономикалық нәтиже бере алмауда.

Әдебиеттер

- Zhaksybayeva N., Nurzhanova S. The Migration Response to the Economic Factors: Lessons from Kazakhstan. //Trade policy, 2016. – № 4/8. – P. 101-124.
- Barbara Dietz, Kseniia Gatskova, and Achim Schmillen. “Migration and Remittances in Kazakhstan: First Evidence from a Household Survey” Arbeitsbereich Wirtschaft, Migration und Integration Working Papers No. 304. – Nov 2011., 30 Mar, 2012.
- Castles, S., Miller, M. (1993). The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World. London: Macmillan.
- Harris, J., Todaro, M. (1970). Migration, unemployment and development: a two-sector analysis. American Economic Review, 60, 126-142.
- Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы URL: <http://stat.gov.kz> (қаралған күні 07.05.2020)
- Шығыс Қазақстан облысы статистика департаментінің ресми интернет ресурсы URL:<http://old.stat.gov.kz/vko>(қарау күні 15.07. 2019 г.).
- Д. Гали. Экономико-статистический анализ этнодемографического состава населения Республики Казахстан и особенности его расселения. – Астана, 2009. – 187 с.
- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <http://adilet.zan.kz/> Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға арналған көші-қон саясатының салалық бағдарламасын бекіту туралы. (қарау күні 15.07.2020)
- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ресми интернет ресурсы URL: <http://resurs.kz/catalog/akimvkgov> (қарау күні 10.07.2020 ж.).
- Асылбеков М.Х., Төлешова Л.Х. Қазақстан тарихи демографиясының даму белестері. – Алматы: Өркениет, 2007. – 144 б.

Официальный интернет-ресурс Государственная программа переселения соотечественников в Россию URL:<http://переселение-соотечественников> (дата обращения 20.03.2020 г).

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі URL: <http://adilet.zan.kz/> Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған көші-қон саясатының салалық бағдарламасын бекіту туралы. (қарау күні 15.08.2020 ж.)

Калыш А., Қасымова Д. Репатрианты Казахстана: Казахстан в системе транснациональной миграции в условиях глобализации: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 364 с.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ресми интернет-ресурсы URL : [//www.resurs.kz/catalog/socialvkogov](http://www.resurs.kz/catalog/socialvkogov) (қарау күні 20.07. 2020 ж.).

Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы: брошюра / Ред. З.К. Шаукенова. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 100 б.

Об утверждении Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 гг. «Еңбек» // «Казakhstanская правда», № 223 (28852).

Даулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ресми интернет-ресурсы URL: <https://www.ektu.kz/kz> (қарау күні 20.08.2020 ж.).

References

Zhaksybayeva N., Nurzhanova S. (2016). The Migration Response to the Economic Factors: Lessons from Kazakhstan. //Trade policy, № 4/8. P. 101-124.

Barbara Dietz, Kseniia Gatskova, and Achim Schmillen. (Nov 2011. 30 Mar 2012) “Migration and Remittances in Kazakhstan: First Evidence from a Household Survey” Arbeitsbereich Wirtschaft, Migration und Integration Working Papers No. 304.

Castles, S., Miller, M. (1993). The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World. London: Macmillan.

Harris, J., Todaro, M. (1970). Migration, unemployment and development: a two-sector analysis. American Economic Review, 60, 126-142.

Kazakistan Respublikasi Statistika komitetinin resmi internet resursi (date of review 07.05.2020) [Official website of the Statistics Committee of the Republic of Kazakhstan] URL: <http://stat.gov.kz>

Sigis Kazakistan oblisi statistika departamentinin resmi internet resursi [Date of review 15.07.2019]. (Official website of the Department of Statistics of the East Kazakhstan region) URL: http://old.akimvko.gov.kz/ru/files/statistics4_20

D.Gali (2009) (Ekanomiko-statistizeski analiz etnodemografizeskogo sostava naselenie Respubliki Kazakistan I osobennosti ego naselenie [Economic and statistical analysis of the ethno-demographic composition of the population of the Republic of Kazakhstan and the peculiarities of its settlement.] \ Astana: – 187 p.

KR.normativti kukuktik aktiler akparattik kukiktik zuezi (viewing date 15.07.2020) , [Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan] URL: <http://adilet.zan.kz/> On approval of the sectoral program of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2001-2010.)

Sigis Kazakistan oblisi akiminin resmi internet resursi), (date of view 10.07.2020). [Official website of the akim of the East Kazakhstan region] URL: <http://resurs.kz/catalog/akimvkogov>

Asylbekov M.Kh., Tuleshova L.Kh., (2007) Kazakistan tarihi demografiasinin damu belesteri [Aspects of development of historical demography of Kazakhstan]. – \Almaty: Civilization. – 144 p.

Oficialni internet resurs Gosudarstvennaia programma pereselenie sootezestvennikov v Rossiu (date of treatment 03/20/2020). [Official Internet resource State program for the resettlement of compatriots to Russia] URL): <http://resettlementofcompatriots.ru/>

KR.normativti kukuktik aktiler akparattik kukiktik zuezi. (viewing date 15.08.2020) [Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan] URL: <http://adilet.zan.kz/> On approval of the sectoral program of migration policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021.

Kalysh A., Kasymova D. (2015) Repatrianti Kazakhstana [Repatriates of Kazakhstan: Kazakhstan in the system of transnational migration in the context of globalization]: textbook. -\Almaty: Kazakh University, - 364 p.

Sigis Kazakistan oblisi akiminin zumispen kamtudi uilestiru baskarmasi (view date 20.07.20120) [Official website of the Department of Employment and Social Programs of the Akimat of the East Kazakhstan region] URL: [//www.gov.kz/memleket/entities/vko-social?lang=en](http://www.gov.kz/memleket/entities/vko-social?lang=en)

Z.K. Shaukenova. ed (2017) Kazakistandagi enbek nariginin kazirgi zagdaii [Current state of the labor market in Kazakhstan]: brochure \ – Astana: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, – 100 p.

Ob utwerzdeni Gosudarstvennoi programmi rasvitie produktivnoi saniatosti I massovogo predprinimatelstva for 2017-2021 [On approval of the State Program for the Development of Productive Employment and Mass Entrepreneurship «Labor»] // «Kazakhstanskaya Pravda», No 223 (28852)

Daulet Serikbayev atindagi Sigis Kazakistan tehnikalik universitetinin resmi internet resursi) (date of application 20.08.2020). [Official website of East Kazakhstan Technical University named after Daulet Serikbayev] URL: <https://www.ektu.kz/kz>